

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ  
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



# «EDU.E-HISTORY.KZ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№2 (30) сәуір-маусым 2022

ISSN 2710-3994



**Бас редактор:**

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

**Редакциялық алқа:**

*Абашиин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)*

*Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызғыз мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)*

*Аяган Бүркітбай Фелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)*

*Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)*

*Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)*

*Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)*

*Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)*

*Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)*

*Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)*

*Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)*

*Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)*

*Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)*

*Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)*

*Матыжанов Кенжехан Исламжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)*

*Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)*

*Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)*

*Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)*

*Римантас Желвис (Želvyus Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)*

*Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)*

*Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)*

*Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*

*Сыдықов Ерлан Бәттайұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)*

*Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)*

**Жауапты редактор:**

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

**Ғылыми редактор:**

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

**Редактор:**

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

**Жауапты хатшы:**

Қоңқабаева Арайлым

**Техникалық хатшы:**

Хумарзах Алтынбек

**Главный редактор:**  
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

**Редакционная коллегия:**

*Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)*

*Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)*

*Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)*

*Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)*

*Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*

*Аязан Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*

*Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссиссипи (Mississippi Valley State University) (США)*

*Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)*

*Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*

*Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)*

*Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)*

*Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)*

*Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)*

*Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)*

*Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)*

*Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)*

*Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)*

*Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)*

*Римантас Желвис (Želvyys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)*

*Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)*

*Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*

*Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)*

*Таймагамбетов Жакен Кожакметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)*

**Ответственный редактор:**  
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

**Научный редактор:**  
Козыбаева Махаббат Маликовна

**Редактор:**  
Кубеев Рустан Джаулыбайулы

**Ответственный секретарь:**  
Конкабаева Арайлым Нурболатовна

**Технический секретарь:**  
Хумарзах Алтынбек

**Editor-In-Chief:**

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

**Members of editorial board:**

*Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)*

*Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)*

*Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

*Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)*

*Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)*

*Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)*

*Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)*

*Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)*

*Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)*

*Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Matyazhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)*

*Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)*

*Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)*

*Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)*

*Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)*

*Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

**Executive Editor:**

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

**Scientific Editor:**

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

**Editor:**

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

**Executive Secretary**

Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

**Technical secretary:**

Khumarzak Altynbek

[https://doi.org/10.51943/2710-3994\\_2022\\_30\\_2\\_209-220](https://doi.org/10.51943/2710-3994_2022_30_2_209-220)

**FTAMP 03.61.00**

## **СЫРДАРИЯ ӨңІРІ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ СУЛАНДЫРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ**

**С.З. Раздыков , Н.А. Досымбетов **

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Нұр-Сұлтан.

\*Автор-корреспондент

E-mail: [rasdikov@mail.ru](mailto:rasdikov@mail.ru) (Раздыков), [nur\\_dos88@mail.ru](mailto:nur_dos88@mail.ru) (Досымбетов)

**Аңдатпа.** Мақалада Сырдария қазақтарының суландыру жүйесі қарастырылған еңбектерге тарихнамалық шолу жасалады. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, патшалық Ресей үкіметінің қоныстандыру саясатын жүргізу мақсатында орыс шенеуніктері мен зерттеушілері жергілікті халықтың жер-су қатынастары мен суландыру жүйесін зерттеді. Яғни, орыс шенеуніктері мен саяхатшылары зерттеу жұмыстарын мақсатты түрде жүргізді. Мысалы, Түркістан генерал-губернаторлығының бастамасымен зерттеу жұмыстарын жүргізген Н.А. Дингельштедтің «Опыт изучения ирригации Туркестанского края. Сыр-Дарьинская область» атты еңбегін атап өтуге болады. Бұдан өзге, қазан төңкерісіне дейінгі тарихнамада Л. Мейер, Е. Смирнов, А.И. Шахназаров, Н. Гаврилов, Г.Н. Черданцев сынды авторлардың еңбектерінде қарастырылды. Кеңес үкіметі тұсында Қазақстанда Ғылым Академиясы құрылып, тарих ғылымының археология және этнография сынды салаларының мектебі қалыптасуының нәтижесінде еліміздің түрлі аймақтарына этнографиялық, археологиялық экспедициялар ұйымдастырылып, зерттеу жұмыстарының нәтижесі ретінде академиялық басылымдар мен ғылыми мақалалар да қамтылды. Бұл кезеңнің өзіндік ерекшелігі ретінде осы және өзге де осы тақылеттес тақырыптар арнайы ғылыми тұрғыда талдау жұмыстары жүргізілгендігінде еді. 1991 жылдан кейінгі бұл мәселе арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастырылмағанымен, жекелеген ізденушілердің диссертациялық жұмыстарында, зерттеушілердің монографиялық еңбектерінде біршама атап өтіледі.

**Түйін сөздер:** Сырдария, Түркістан, Перовск, Қазалы, суды пайдалану дәстүрі, суландыру жүйесі, арық, кәріз, шығыр.

**МРНТИ 03.61.00**

## **ИСТОРИЯ ИЗУЧЕНИЯ ИРРИГАЦИОННОЙ СИСТЕМЫ КАЗАХОВ СЫРДАРЬИНСКОЙ ОБЛАСТИ**

**С.З. Раздыков, Н.А. Досымбетов\***

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Казахстан, Нур-Султан.

\*Корреспондирующий автор

E-mail: [rasdikov@mail.ru](mailto:rasdikov@mail.ru) (Раздыков), [nur\\_dos88@mail.ru](mailto:nur_dos88@mail.ru) (Досымбетов)

**Аннотация.** В статье дается историографический обзор трудов, написанных о традиционной системе ирригации сырдарьинских казахов. Со второй половины XIX века в целях реализации политики царской России о переселении окраинных земель, российские чиновники и исследователи начали активно изучать водно-земельные отношения и ирригационные системы местного населения. Иными словами исследования российских чиновников и путешественников стали систематическими. Так, работа Н.А. Дингельштедта «Опыт изучения ирригации Туркестанского края. Сыр-Дарьинская область» была написана на основе результатов исследования, инициатором которого выступило Туркестанское генерал-губернаторство. Кроме

этого, в дореволюционной историографии, данная тема рассмотрены в трудах Л. Мейера, Э. Смирнова, А. И. Шахназарова, Н. Гаврилова, Г.Н. Черданцева и др. После образования Академии наук Казахской ССР и формирования школ археологии и этнографии стали проводиться стационарные археологические и этнографические экспедиции по регионам страны, результаты которых нашли отражения в академических изданиях и научных статьях. Особенность этого периода заключается в том, что данная проблема и другие подобные вопросы были анализированы с научной точки зрения. Несмотря на то, что этот вопрос не рассматривался как особый объект исследования с 1991 г., он отмечен в диссертациях отдельных соискателей, и в монографиях исследователей.

**Ключевые слова:** Сырдарья, Туркестан, Перовск, Казалинск, традиция водопользования, система ирригации, арык, канал, чигирь.

**IRSTI 03.61.00**

## THE HISTORY OF STUDYING THE IRRIGATION SYSTEM OF SYRDARYAN KAZAKHS

**S.Z. Razdykov, N.A. Dossymbetov\***

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Nur-Sultan.

\*Corresponding author

E-mail: rasdikov@mail.ru (Razdykov), nur\_dos88@mail.ru (Dossymbetov).

**Abstract.** The article provides a historiographic review of the works written on the traditional irrigation system of the Syrdaryan Kazakhs. Since the second half of the 19th century, in order to implement the policy of tsarist Russia on the resettlement of the outlying lands, Russian officials and researchers began to actively study water-land relations and irrigation systems of the local population. In other words, studies of Russian officials and travelers have become systematic. Thus, the work of N.A. Dingelstedt "Experience in studying irrigation of the Turkestan region. Syr-Darya region" was written on the basis of the results of a study initiated by the Turkestan General Government. In addition, in pre-revolutionary historiography, this topic is considered in the works of L. Meyer, E. Smirnov, A. I. Shakhnazarov, N. Gavrilov, G. N. Cherdantsev, etc. After the formation of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR and the formation of schools of archeology and ethnography, stationary archaeological and ethnographic expeditions are carried out in the regions of the country, the results of which are reflected in academic publications and scientific articles. The peculiarity of this period lies in the fact that this problem and other similar issues were analyzed from a scientific point of view. Despite the fact that this topic has not been considered as a special object of research since 1991, it has been noted in the dissertations of individual applicants, and in monographs of researchers.

**Key words:** Syrdarya, Turkistan, Perovck, Kazalinsk, tradition of water using, irrigation system, aryk, canal, chigir.

**Кіріспе.** Қазақстан территориясында ежелден отырықшылық мәдениет негізінен ірі өзендердің алқаптарында дамыды. Осындай отырықшылыққа қолайлы өңірлердің біріне жататын Сырдария өзенінің бойында ұзақ жылдар бойғы тарихи үдерістердің нәтижесінде егіншіліктің өзіндік дәстүрі қалыптасты. Атап айтқанда, егіншіліктің суалмалы (лимандық) және суармалы түрі болды. Бірақ, суармалы егіншіліктің ареалы кең алқапты қамтыды. Өйткені, Сырдария алқабы жаңбыр мөлшері аз түсетін құрғақ континент еді. Мұндай құрғақ өңірлерде егін арнайы суарылғанда ғана жақсы нәтиже беретіндігі даусыз. Ал, егінді сумен бас арық, арық, кіші арық, жап, салма сынды түрлі көлемдегі суландыру жүйесі қамтамасыз етті. Сонымен қатар, суландыру жүйесі толыққанды қызмет атқаруы үшін арықтардың бойына шығыр, түкірткі, сипай, қарабура тәрізді гидротехникалық құрылғылар орнатылды. Осындай күрделі құрылымдардан тұратын арықтарды дұрыс қалпында ұстау қауымның еңбегіне сүйенетін. Мысалы, арық қазу, тазалау,

тоған бекіту сынды жұмыстар көпшіліктің еңбегінсіз бітпейтін. Яғни, мұндай ауыр еңбекті атқаруда бір ғана отбасының жұмыс күші жетпес еді. Ал, қауымдық жұмыс, әрине, жүйелі ұйымдастыру мен қатаң басқаруды талап ететін. Суландыру жүйесін ұйымдастыру мен басқару ісі арық ақсақалы мен мұраптарға<sup>4</sup> жүктелді. Бір орталықтандырылған қауымдық басқару жүйесі бар суландыру жүйесі отырықшы мәдениеттің Сырдария бойында дамығандығының айқын көрсеткіші ретінде атап өтуге болады. Осындай жүйелі түрде ұйымдастырылған аталмыш өңірдегі суландыру жүйесі әлі күнге толық зерттелмеген деуге болады. Сондықтан, ең алдымен, Қазақстан тарихнамасында суландыру мәселесі жүйелі түрде қарастырылмағандығын негізге ала отырып, Сырдария қазақтарының суландыру жүйесінің зерттелу тарихын қарастыру қажет.

**Материалдар мен әдістер.** Мақалада салыстырмалы-тарихи, нақты талдау, жүйелілік, проблемалық-мерзімдемелік сынды тарихнамалық зерттеу әдістері зерттеу бағыты ретінде таңдап алынды. Мұндағы салыстырмалы-тарихи әдісі ғалымның еңбегін талдау барысында қарастырылып отырған мәселенің маңызын арттыра түсуге мүмкіндік береді. Келесі нақты талдау әдісі зерттеу нысанына қатысты ғылыми басылымға сипаттама беру барысында мақсаттан ауытқымай объективті пікір ұстануды негіздейді. Ал, зерттеліп отырған тақырып аясындағы еңбектерді топтастыру үшін тарихнаманың жүйелілік әдісіне басымдық берілді. Сонымен қатар, проблемалық-мерзімдемелік әдісті қолданудың негізгі мақсаты – зерттеу тақырыбының негізгі мәселесін хронологиялық мерзіммен байланыстыра отырып қарастыру.

Зерттеу барысында тарихнамалық еңбектерге талдау жасау барысында тарихнаманың хронологиялық және тақырыптық түрлері қолданылды. Бұл тақырыптың негізгі мақсатына жетудегі бірізділікті сақтауды қамтамасыз етеді. Тарихнамалық дерек ретінде жеке және ұжымдық монографиялар, есептік жинақтар, ғылыми мақалалар, диссертациялар, анықтамалықтар қарастырылды. Зерттеу барысында қолданылған еңбектердің хронологиясы Қазақстан тарихнамасында қазан төңкерісіне дейінгі кезең болып табылатын XIX ғ. II жартысынан бастап соңғы уақытқа дейінгі аралықты қамтиды.

**Талқылау.** Қазақтардағы отырықшы шаруашылықтағы алар маңызы зор Сырдарияның орта және төменгі ағысының тарихи-географиялық ерекшеліктерін подполковник А.И. Макшеев 1856 ж. «Морской сборникте» жарық көрген «Описание низовьев Сыр-Дарьи» атты еңбегінде жан-жақты сипаттайды. Автор Сырдарияның Қараөзек, Жамандария, Қуандария, Жаңадария арналарымен бірге, ішінара осы аймақтардағы арықтарға да тоқталады (Макшеев, 1856: 448-527). Сонымен қатар, А.И. Макшеев аталмыш өңірдегі қазақтардың арық қазу әдіс-тәсілдерін де жөнінде қырғыздар (қазақтар – Н.Д.) жер бедерін көз мөлшерімен өлшеп, бір кетпеннің көмегімен-ақ ұзын, кең және терең арық қаза алатындығын айтады. Ал, қарабайыр деңгейде дайын болған арыққа су жіберіп, ағысын байқайды. Су тоқтаған немесе баяулаған тұстарын тереңдете түседі. Бас арықтан кіші арықтар, одан әрі егіс алқаптарын шағын шаршыларға бөлетін атыздар тартылады. Арықтардан басқа ол (қазақтарды айтып түр – Н.Д.) кетпенмен бөгеттерді, жалдарды, су қоймаларды және басқа да жұмыстарды жергілікті талаптарға сай етіп атқарып, судың толыққанды иесі болады (Макшеев, 1856: 512).

Сырдария қазақтарының суландыру жүйесі жөніндегі мағлұмат Л. Мейердің «Киргизская степь Оренбургского ведомства» атты еңбегінде де кездеседі (Мейер, 1865). Ол жергілікті тұрғындардың арасында бірнеше жыл тұрып, қазақ тілін меңгеріп, ел ішінен мағлұмат жинайды. Әскери инженер Л. Мейер өзі жинақтаған этнографиялық құнды деректердің негізінде Сырдария өзенінің салалары мен олардан тарайтын суландыру жүйесін сипаттайды. Сонымен қатар, ол арықтардың дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ететін ақсақал және оның қарамағындағы өкілдері мұраптар мен шыбықшылар жөнінде сипаттама береді. Автордың мәліметінше, мұраптар егіншілерге арықтағы суды бөлумен, шыбықшы болса арық қазу, тазарту сынды жұмыстарды қадағалаумен айналысқан. Ал, ақсақал бүкіл арықтардың жүйелі түрде халыққа қызмет етуіне басшылық ететіндіктен, қарамағындағы арықтар мен бөгеттер оның есімімен аталатын (Мейер, 1865: 100-103). Аталмыш автордың келесі бір «Обзор западной оконченности Каратауских гор»

<sup>4</sup>Отырықшы қоғамда егістікке су бөлетін, арықтардың дұрыс қызметін бақылайтын және үйлестіретін адамды «мұрап» деп атайды.

еңбегінде қараусыз қалған арықтарды да сипаттайды (Мейер, 1862: 263-278). Халықтық тәжірибеде сусыз қалған арықтардың кейіннен қайта жаңартып пайдаланатынын негізге алсақ, автордың аталмыш арықтарды да назардан тыс қалдырмағандығы орынды болған. Сонымен қатар, ол кезінде Аралға құйып жатқан Сырдарияның арнасы Қуандария суының азаюына негізгі себеп ретінде Қоқан мен Хиуа хандықтары арасындағы алауыздықты алға тартады (Мейер, 1862: 270).

Сырдария өңіріндегі қазақтарының ескі арықтарды қайта жаңғырту жұмыстары да ғылыми басылымдарда көрініс тапты. 1879 ж. «Туркестанские ведомости» газетінде жарияланған Н. Маевтың «Ирригационная работа в Казалинском уезде» атты мақаласында Қазалы уезінің жергілікті тұрғындарының Бірқазанды, Баужиде, Ергерек сынды ескі арықтарды тазарту, қалпына келтіру жұмыстарының барысы мен нәтижесі қарастырылған (Маев, 1879: 86). Ал, А. Дятковтың «Киргизские нужды» атты мақаласында Шиелі каналын қалпына келтіру мәселесі айтылады. Сонымен қатар, автор, Жөлек болыстығында Шиелі каналынан өзге Көккерім, Төменарық, Өзек сынды ескі арықтарда да жаңғырту жұмыстары жүргізілгендігін атап өтеді (Дятков, 1885: 54).

Сырдың бойын мекендеген қазақтардың арық қазу жұмыстарында өзіндік озық тәжірибесі бар екендігін Е. Смирнов «Сырь-Дарьинская область» атты еңбегінде атап өтеді (Смирнов, 1887). Ол Сырдария облысының өзендері туралы, патша үкіметі тұсындағы қазақтардың суды пайдалану жүйесі, арық қазу, тазарту мәселелерін сипаттайды. Автор еңбегінде Сырдария қазақтарының арық қазу мәселесіне байланысты Көкірім сайын суландыру мақсатында қазылған Шиелі каналы туралы құнды мағлұмат келтірген. 1883 ж. Перовск уездігі басшылығынан арық қазуға рұқсат алған Жөлек болыстығы қазақтары Төменарық станциясынан төмендегі Шиелі сайындағы каналдың енін кеңейтіп, тереңдету арқылы Көкірім сайына су жеткізуге мүмкіндік алды. Жөлек болыстығы 1885 жылдың жазында Сырдарияның су көлемі аз болғанына қарамастан, Шиелі сайының аты берілген жаңартылған канал арқылы Көкірім сайында егін егу жұмыстары жандандырылды (Смирнов, 1887: 117-118). Сонымен қатар, Е. Смирнов арық қазу мәселесінде нәтижесіз аяқталған жағдайларды да келтіреді. Мысалы, 1879–1880 жылдардың қысындағы жұттан кейін егінші қазақтардың қатары көбейіп, суармалы жерлерге деген сұраныс артты. Осыған байланысты 1883 ж. Перовск уездігінің басшылығы жергілікті халықтың күшімен Сырдарияның ескі арнасы Жаңадарияның жоғары саласында тазарту жұмыстарын жүргізді. Бірақ, Сырдың көктемгі және жазғы тасуы кезіндегі су Қызылқұмға қарай жайылып аталмыш тазарту жұмыстары нәтижесіз аяқталды (Смирнов, 1887: 125-126).

1893 ж. Түркістан генерал-губернаторлығының өлкелік әкімшілігінің түрткі болуымен Н.А. Дингельштедтің «Опыт изучения ирригации Туркестанского края. Сыр-Дарьинская область» атты еңбегі жарияланды (Дингельштедт, 1895). Өйткені, Н.А. Дингельштедті Түркістан өңірін мекен еткен халықтардың суландыру жүйесіне зерттеу жұмыстарын жүргізу мақсатында Түркістан генерал-губернаторлығы арнайы шақыртқан еді. Автор, ең алдымен, зерттеу жұмысын жергілікті басқарушы тұлғаларға, арық ақсақалдары мен мұраптарға өзі дайындаған сауалнаманы таратып өңірдің суландыру жүйесі жөніндегі мағлұматтарды жинақтау жұмыстарынан бастайды<sup>5</sup>. Аталмыш сауалнамада арықтардың түрлері, өлшем бірліктері (ені, ұзындығы, тереңдігі), арықтан су бөлетін құлақтар саны, арықты қазу-тазарту жұмыстарын ұйымдастыру, суды пайдаланудағы кезектің реті мен оған қатысты дау-шарлар, суға қатысты халықтың әдеттік құқық жүйесі сынды т.б. мәселелер қамтылды. Зерттеуші ғылыми еңбегін «Обычное право. Водное хозяйство», «Современное состояние ирригация» атты екі тарауға бөліп қарастырған. Тараулардың атауы айтып тұрғандай, Н.А. Дингельштедт<sup>6</sup> тек қана суландыру жүйесінің әдеттік құқық мәселелерін ғана емес, оның дәстүрлі құрылымын да зерттегендігін көре аламыз. Жалпы аталмыш кезеңде Н.А. Дингельштедт Қазалы уезінде 1300 шақырымды құрайтын 200 (Дингельштедт, 1895: 444-

<sup>5</sup>Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінің № 232 қорының «Переписка по вопросам водопользования и сведения арык-аксакалов» атты № 29в ісінде Н.А. Дингельштедт тарапынан дайындалған сауалнама сақталған. Сонымен қатар, аталмыш істің тізімінде жергілікті арық ақсақалдарының жауаптары да сақтаулы (ҚР ОМА, 232).

<sup>6</sup>Сонымен қатар, Н.А. Дингельштедт патшалық Ресей үкіметінің қоныс аудару саясаты нәтижесінде Түркістан өлкесіндегі демографиялық үдерістерді де зерттеген.



463), ал Перовск уезінде жалпы ұзындығы 1625 шақырым 332 арықтың болғандығын атап өткен (Дингельштедт, 1895: 512-513).

XIX ғасырдың бірінші жартысынан бастап қазақ даласын зерттейтін түрлі экспедициялардың саны артты. Осындай экспедициялардың құрамында батыс елдерінің өкілдері де болды. Түркістан генерал-губернаторы К. Кауфманның шақыртуымен Ташкент обсерваториясының директоры болған Франц Шварц (1847-1903) бірнеше экспедицияларға қатысып Түркістан өлкесі жергілікті тұрғындарының, әрине, оның ішінде қазақтардың да тарихы мен этнографиясына қатысты мағлұматтар жинақтаған. Ұзақ жылғы ізденісінің нәтижесі ретінде ол 1900 ж. «Туркестан – колыбель индогерманских народов» атты зерттеу еңбегін жарыққа шығарды. Автордың пікірінше, қазақтардың шаруашылық жүйесіндегі егіншіліктің ролі екінші деңгейде болып, көбінесе, малынан айрылған шаруалар ғана отырықшылыққа көшуге мәжбүр болған. Олар каналдар мен өзге де суландыру жүйелерінің маңындағы жерлерді игеріп, егін екті (Schwarz, 1900: 76-77).

Қарастырылып отырған өңірдегі қазақтар өзен арнасындағы судың тасуын да егіншілікте тиімді пайдалана білгендігі жөніндегі құнды мәліметті Г. Загряжский «Очерки Перовского уезда» атты мақаласында келтіреді. Г. Загряжский Перовск уезіндегі жергілікті халық егін маусымын су тасқынына қарай сәуір тасу, гүл шалдық, гүл уақыт, тайлақ тасу, шұлғау тасу, қарақұйрық тасу, сүмбіле тасу деп жеті кезеңге бөлгендігін айтады (Загряжский, 1903: 242-253).

Көрнекті шығыстанушы-ғалым В.В. Бартольд «К истории орошения Туркестана» атты еңбегінде, ең алдымен, түркі халықтарының суландыру мәселесіне қатысты ұғымдарға талдау жасаған (Бартольд, 1965: 97-233). Жалпы Түркістан өңірін мекен еткен отырықшы халықтарға тән арық, шығыр, көріз тәрізді атауларды парсы тіліндегі осы мәндес ұғымдармен салыстыра қарастырады. Автор түркі халықтарына тән арна сөзі парсы деректерінде кездеспейтіндігін, бірақ дыбыстық тұрғыдан түркі тілдерінен қарағанда парсы тіліне жақын деген пікір білдірген (Бартольд, 1965: 118).

Патшалық Ресей үкіметінің билігі тұсында жарық көрген А.И. Шахназаровтың «Сельское хозяйство в Туркестанском крае» атты еңбегі Түркістан генерал-губернаторлығына қарасты Сырдария, Самарқанд, Ферғана облыстарының егін шаруашылығына арналған<sup>7</sup>. Автор суға байланысты қалыптасқан әдеттік құқық жүйесінің заңдарын халық арасынан жинап, топтастырып береді. Зерттеуші жергілікті халықтардың ұғымында су «Құдайдың сыйы» ретінде қарастырылып, жеке адамның иеленуіне құқы болмағандығын атап өтеді. Бірақ, кейіннен патшалық Ресей үстемдігі толық орнағаннан кейін жерге жеке меншік құқығымен бірге суға да иелік етушілер пайда болған және бұл бұрынғы әдеттік құқықты ұстанатындардың наразылығын тудырған. Сонымен қатар, А.И. Шахназаров суды пайдалану жүйесіне қатысты патшалық билік тарапынан енгізілген заңдардың Түркістан өңірін мекендеген халықтарға тигізген әсеріне де назар аударған (Шахназаров, 1908). Сырдария өңіріндегі қазақтардың суды пайдалану құқығы жөнінде Г.Н. Черданцевтің «Водное право Туркестана в его настоящем и проектах ближайшего будущего» атты еңбегінде де қарастырылған (Черданцев, 1911).

Түркістан өлкесіндегі орыс шаруаларын қоныстандыру мәселесін қарастырған Н.И. Гаврилов Сырдария бойындағы халықтың егістікті ірі және шағын арықтар арқылы суландыру жүйесінің қалыптасуының негізгі себебін өңірде жаңбырдың аз түсуімен байланыстырады (Гаврилов, 1911).

1898-1915 жж. аралығында аудару басқармасы тарапынан жинақталған статистикалық мәліметтердің негізінде дайындалған «Материалы по киргизскому землепользованию» атты 27 томы жарық көрген. Бұл статистикалық жинақтар қазақтардың дәстүрлі шаруашылығы, географиялық ерекшеліктері туралы құнды мәліметтер топтастырылған дереккөз болып табылады. Аталмыш сериялы басылымның Перовск (Материалы по киргизскому..., 1912: 163-190) және Қазалы (Материалы по киргизскому..., 1913) уездеріне арналған томдарында Сырдарияның мен оның салаларының экологиялық жағдайы және осы өзеннен тарайтын өңірдің суландыру жүйесі арнайы жеке тарау ретінде сипатталған.

<sup>7</sup>Автор ғылыми еңбектің 1908 ж. жарық көргеніне қарамастан, 1899 жылға дейінгі Түркістан генерал-губернаторлығының администрациялық бөлінісі негізінде қарастыруының негізгі себебін зерттеу жұмыстарын осы уақытқа дейін жүргізгендігімен байланыстырады. Өйткені, 1899 ж. Түркістан генерал-губернаторлығына Закаспий және Жетісу облыстары қосылған еді.

Агроном Н.Н. Александров «Земледелие в Сыр-Дарьинской области» атты еңбегінде Сырдария облысының ирригациялық жүйесін, су шаруашылығын, суару әдістері мен түрлі дақылдардың су қою мөлшерін қарастырады (Александров, 1919). Ол егінді суарудың «құлата суару», «жайып суару», «иірлете суару», «атыздатып суару», «тасқындата суару» деп бес әдісін бөліп көрсетеді (Александров, 1919: 22-36).

1937 жылдан бастап археолог С.П. Толстов басқарған Хорезм археологиялық-этнографиялық кешенді экспедициясы Арал маңында зерттеу жұмыстарын бастайды. 1952 ж. аталмыш экспедицияның құрамында құрылған археологиялық-топографиялық топтың жетекшісі болып бекітілген Б.В. Андрианов Арал маңындағы көне суландыру жүйелерінде зерттеу жұмыстарын бастайды. Б.В. Андрианов ұзақ жылғы тарихи-этнографиялық және археологиялық зерттеулердің нәтижесі ретінде 1969 ж. «Древние оросительные системы Приаралья» атты монографиясын жариялайды (Андрианов, 1969). Автор аталмыш еңбегінің «Нижняя Сырдарья» атты тарауында Сырдарияның төменгі ағысының сол жағалауының суландыру жүйесінің б. з. д. 2 мың жылдықтан бастап ХІХ ғ. басына дейінгі аралықтағы тарихын қарастырады. Сондай-ақ, автордың еңбегінде суландыру жүйелерінің сызба жобалары беріліп, топографиялық құрылымдары жан-жақты талданған (Андрианов, 1969: 185-221).

Қазақ диалектологиясының жинағының бірінші шығарылымында жарық көрген О. Нақысбековтің мақаласында қазақтардың ауызекі сөйлеу тілінде қолданылып жүрген суландыру жүйесіндегі атауларды қарастырады. Автордың 1955–1963 жж. аралығында ел ішінен жинақтаған материалдары да кеңінен пайдалануы аталмыш зерттеу жұмысының құндылығын арттыра түскен. Қазақстанның өзге аймақтарынан бөлек Сыр бойы қазақтарында кездесетін «жарма, қылша арық, жер суы, қайырма су, қарғын су, байлау, су байлау, атыздау, андыздап суғару» сынды суландыру жүйесіне қатысты ұғымдар келтірілген (Нақысбеков, 1965: 160-179).

Кенес үкіметі тұсында Тарих, археология және этнография институты Қазақстанның өңірлеріне кешенді этнографиялық экспедициялар ұйымдастыруды кеңінен қолға алды. Осы экспедициялардың нәтижесі ретінде қазақтардың дәстүрлі жер өңдеу мәдениетіне байланысты Х. Арғынбаев, И.В. Захарова сынды белгілі этнограф ғалымдардың зерттеулері жарық көрді. Х. Арғынбаев пен И.В. Захарованың 1958 ж. Оңтүстік Қазақстан облысында жүргізілген этнографиялық экспедицияның қорытындысы ретінде жариялаған мақаласында егістікке су тарту мәселесі де қамтылған. Авторлар суды Сырдарияның өзінен арнаулы гидротехникалық құрылғылар – шығырлар мен атпалар арқылы шығарса, ал өзеннің салаларынан тікелей арық тартатындығын атап өтеді. Егерде өзеннің жиегі тым биік болған жағдайда шығырларды екі-үш қатар етіп орнатқан<sup>8</sup> (Арғынбаев, Захарова, 1961).

Этнограф И.В. Захарова Қызылқұм ауданындағы «Овцевод» совхозы Сырдариядан канал тартып, алдына тоғаннан тосқауыл орнату арқылы Байраш, Соркөл, Көлтабан атты көлдерді қалыптастырудың негізінде дәстүрлі суландыру жүйесін қайта қалпына келтіргендігі туралы мағлұмат берген. Көлтабан көлінен үш канал тартылып, олардан Құмкөл, Рабат, Бірлік, Мойынқұм, Рысымбет арықтары тарайтындығын атап өтеді. Ал дарияның оң жағалауында 1925 ж. «Өгіз-жылқы» атты ескі каналды «Ақ-арық» атауымен қалпына келтіру мақсатында зерттеу жұмыстары жүргізілгендігін айтады (Захарова, 1975).

Тарихшы, ғалым Б. Сүлейменовтің «Аграрный вопрос в Казахстане в последней трети ХІХ – начале ХХ веков» атты монографиясы қазақтардың егін шаруашылығына арналғанымен, Сыр бойы қазақтарының жер өңдеу дәстүрін де кеңінен қамтыған<sup>9</sup>. Сондай-ақ, автор суды өзеннің (арықтың) деңгейінен жоғары көтеретін гидротехникалық құрылғы шығырды этнографиялық материалдар негізінде сипаттаған (Сүлейменов, 1963: 191-195).

Тарих, археология және этнография институтының «Хозяйство казахов на рубеже ХІХ–ХХ веков» атты ұжымдық монографиясында қазақтардың дәстүрлі мал және егін шаруашылығы қамтылған. Қарастырылып отырған Сырдария қазақтарының суды пайдалану дәстүрі жөнінде

<sup>8</sup>Шығырдың мұндай түрін «астан-кестен» деп атаған. Жасалу технологиясы күрделі және шығыны көп болғандықтан шығырдың бұл түрі сирек орнатылған.

<sup>9</sup>1964 ж. Б. Сүлейменов ӨзбекКСР Әлеуметтік ғылымдар бөлімінің Біріккен Ғылыми кеңесінде аталмыш монографиясының негізінде докторлық диссертациясын қорғаған.

сипатталған. Сонымен қатар, аталмыш еңбекте қазақтардың суландыру жүйесінің аймақтық ерекшеліктері де қарастырылған. Мәселен, Сырдария сағасындағы қазақ диқандары көлдер мен батпақтардың жағалауларын егін егуге пайдаланған және бұл жерлердің ауқымы су деңгейінің тасуы мен қардың көптігіне байланысты өзгеріп отырған. Кейде мұнда суды қажеттілігіне қарай бөлетін жасанды бөгеттер мен салалар жасалатын (Хозяйство казахов, 1980: 175-176). Ал, Сырдария өзенінің орта ағысындағы Қаратау етегіндегі қазақтар егін суаруда кәріз (кәріз)<sup>10</sup> жүйесін қолданған (Хозяйство казахов, 1980: 172).

1973 ж. Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясында ирригациялық топ құрылды. В.А. Грошев жетекшілік еткен аталмыш топтың негізгі міндеті Отырар аймағындағы, Сырдарияның орта ағысындағы, Қаратау өңіріндегі көне дәуір мен ортағасырлық суландыру жүйелерін зерттеу еді. Аталмыш экспедицияның құрамында В.А. Грошев көп жылдар бойы жүргізген далалық зерттеу жұмыстары барысында Сырдың орта ағысындағы ортағасырлық Сүткент арық, Қауған арық, Шолақ арық, Мейрам арық сынды т.б. суландыру жүйелерін ашып, ғылыми айналымға енгізді. Осы ескерткіштердің топографиялық құрылымдарын анықтап, сызбасын түсірді. Сондай-ақ, ортағасырлық кезеңде қала мәдениетінің даму тарихында суландыру жүйелерінің атқарған ролін айқындап берді. Зерттеу жұмыстарының нәтижесі ретінде 1985 ж. жарық көрген «Ирригация Южного Казахстана в средние века» атты еңбегінде Сырдарияның солтүстік жағының суландыру жүйесін де қарастырып өтеді (Грошев, 1985: 86-94).

Қазақ мәдениетінің дамуына мол үлес қосқан этнограф, қоғам қайраткері Ө. Жәнібековтың «Эхо... По следам легенды о золотой домбре» атты еңбегінде Сырдарияның орта және төменгі ағысындағы және оған құятын Арыс, Келес, Шыршық өзендері мен Талас, Шу, Іле бойы қазақтары ерте заманнан бері жерді суару әдістерін жетік меңгергенімен қатар, жердің тартылыс күшімен өрістерге ағатын магистральды каналдар салу, су тасуы кезінде жыра-ойпаттарға бөгеттер орнату сынды кешенді жұмыстарды атқара білгендігіне тоқталады. Сонымен қатар, автор біртұтас суландыру жүйесін құрайтын оман-арық, көтерме, атыз, арнайы бөгеттерді бекітетін қарабура, су көтеру құрылғысы болып табылатын шығыр сынды ұғымдарды атап өткен (Джанибеков, 1990: 83-86).

1991 жылдан кейін жер-су қатынастарына қатысты бірнеше ғылыми диссертациялық зерттеулер қорғалды. Соның бірі ретінде Б.Ә. Алтаевтың 1994 ж. тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін қорғалған «Оңтүстік Қазақстан қазақтарының егіншілікке байланысты дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары» атты диссертациясын айтуға болады. Ізденуші Б.Ә. Алтаев Оңтүстік Қазақстан облысының егіншілік дәстүріндегі суландыру жүйесін, суды бөлу әдістерін және суды пайдаланудың жергілікті басқару мәселелерін қарастыру барысында Сырдария бойын мекен еткен қазақтардың дәстүрінен де салыстырмалы мысалдар келтіреді (Алтаев, 1994).

1995 ж. ғылыми айналымға түскен Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ғалымдарының «Казахи. Историко-этнографическое исследование» атты бірлескен монографиясында қазақтардың жер-су қатынастары жеке қарастырылған (Казахи, 1995: 33-43). Сырдария өңіріндегі егіншіліктің суалмалы (лимандық) және суармалы түрлерінің аралас болып келеді. Ал, Сырдарияның орта және төменгі ағысында лимандық суару көп жағдайда жасанды суландыру жүйесімен астасып жатады. Перовск уезіндегі Тукөл көлінің ортасына бөгет жасалып, көл құрғаған кезде егін егу бір жағынан жүргізілді. Алғашында жағалау бойымен төменірек, кейіннен екі-үш жыл суармай егін егуге болатын түбіне дән септі (Казахи, 1995: 34-35).

Ізденуші Ә.Ж. Ахантаеваның «Сыр өңірі қазақтарының дәстүрлі жер шаруашылығы: тарихи-этнографиялық зерттеу (XIX ғ. ортасы мен XX ғ. басындағы деректер бойынша)» 2008 ж. тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін қорғалған диссертациясы Сыр өңірі қазақтарының жерді пайдалану жүйесіне арналған. Автор өзінің зерттеу жұмысында XIX ғ. ортасы мен XX ғ. бас кезінде Сыр өңіріне кірген Қазалы, Перовск уездеріндегі егіншілік дәстүрін қарастырады. Егіншілікті арық, атыз, тоған, кәріз сынды дәстүрлі суландыру жүйелері жөнінде

<sup>10</sup>Кәріз – егінді суаруға пайдалану үшін жер астынан көлбей қазу арқылы жер асты суларын жер бетіне шығаратын суландыру арнасы (Қартаева, Бексейитов, Оспанов, 2018: 33-36).

қарастырады. Суландыру жүйесінің негізін құрайтын арықтарға орнатылатын шығыр, атпа, қарабура сынды механикалық құрылымдарды да қарастырады. Зерттеуші Ә.Ж. Ахантаева аталмыш кезеңде егін шаруашылығының маңызын айта отырып, Сыр өңірінде жер-су қауымдастықтары құрылғандығын келтіреді (Ахантаева, 2008).

Сырдария қазақтарының этнографиясын зерттеп жүрген белгілі этнограф Т.Е. Қартаеваның «Сыр өңірі қазақтары: тарихи-этнографиялық зерттеу» атты екі томдық монографиясының 2-томында өңірдегі егіншіліктің дамуын да қарастырады (Қартаева, 2014). Өз кезегінде Т.Е. Қартаева XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. бас кезіндегі еңбектер мен автордың далалық материалдарына сүйене отырып егіншіліктің дамуына негіз болатын суландыру жүйесіне де тоқталады. Сонымен қатар, автор егін шаруашылығында қолданылатын гидротехникалық қондырғы шығырдың рөліне баға беріп, оның халықтық түрлері мен жасалу техникасын, жұмыс істеу тәсілін сипаттайды (Қартаева, 2014, 5-24).

2018 ж. профессор Т. Қартаеваның ғылыми редакторлығымен жарық көрген «Су культі» анықтамалығында қазақ халқының мәдениетіндегі, тұрмысындағы, тіршілік жүйесіндегі суды қолдану, жинау, сақтау, сумен қамтамасыз ету, суға қатысты таным төңірегіндегі терминдер, атаулар, аймақтық диалектологиялық сөздер топтамасына түсініктер берілген. Аталмыш сөздікте егістік алқапты суландыру, қоныстарды сумен қамтуға байланысты атаулар жүйесі, су көліктерінің атаулары мен түрлері, су таситын, су сақтайтын ыдыстар атаулары да қамтылған (Қартаева, Бексеитов, Оспанов, 2018).

«Қазақ тарихы» ғылыми журналының 2019 ж. №2 санында Нұрсан Әлімбаев мен Б. Қақабаевтың мақаласында қазақтың дәстүрлі жер-су шаруашылығындағы құрылымдық және жүйелік қалыптастырушы компоненттері болып табылатын суландыру жүйелер мен гидротехникалық құрылғылардың түрлі һәм функциялық ерекшеліктеріне жан-жақты талдау жасалған. Сонымен қатар, гидротехникалық құрылғылардың жекелеген түрлерін дайындау технологиясы мен пайдалану әдістеріне баса назар аударылған (Әлімбаев, Қақабаев, 2019: 16-31).

2020 ж. «Золотоордынское обозрение» журналында жарық көрген зерттеушілер Н.А. Атығаев пен О. Қанайдың мақаласында XIV–XIX ғасырлардағы тарихи-географиялық еңбектердегі Сырдария өзені туралы мәліметтерге талдау жасалған. Авторлар зерттеу нәтижесі ретінде Сырдария өзені Орта Азия халықтарының тарихында маңызды орын алғандығына және әр түрлі аймақтар арасында табиғи шекара қызметін атқарғандығына тоқталып, аталмыш өзеннің атауы тарихи деректерде әскери-саяси оқиғаларға байланысты жиі айтылған деген тоқтамға келген (Атығаев, Қанай, 2020: 167-184).

**Қорытынды.** Сырдария қазақтарының суды пайдалану дәстүрі алғаш рет XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап патшалық Ресей үкіметінің қоныстандыру саясатын жүргізу барысында назарға алынды. Оған басты себептің бірі Сыр бойына қоныстанған орыс переселендері, яғни, ең бірінші кезекте егіндерін суаратын су жетіспеушілігінің туындауы болды. Осы мәселені шешу үшін орыс шенеуніктері мен зерттеушілері жергілікті халықтың суландыру жүйесін арнайы зерттеп, өңірдің суландыру мәселесін шешуге тырысты. Бұған мысал ретінде, Түркістан генерал-губернаторлығының қазақтардың суландыру мәселесіне зерттеу мақсатында Н.А. Дингельштедті арнайы шақыртқанын айтуға болады. Бұл кезеңдегі еңбектерде суландыру мәселесі негізінен сипаттамамен ғана шектелгендіктен деректік құндылығы жоғары болып табылады.

Кенес үкіметі тұсында Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтында этнографияның өзіндік мектебі қалыптасты. Этнографияның түрлі бағыттары бойынша еліміздің аймақтарына кешенді этнографиялық экспедициялар ұйымдастырылып, ел арасынан тың мәліметтер жинақталды. Бұл кезеңдегі зерттеу жұмыстары кешенді түрде жүргізілгендіктен қазақтардың суды пайдалану дәстүрі де қамтылды. Кейіннен бұл мәліметтер этнографтардың есептік мақалаларында, қазақтардың дәстүрлі шаруашылығына арналған ұжымдық монографияларда көрініс тапты. 1991 жылдан кейін аталмыш мәселе, негізінен ғалымдардың қазақтардың дәстүрлі егін шаруашылығына қатысты диссертациялық зерттеулер мен жеке зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылды. Қорыта келе, Сырдария бойындағы қазақтардың суландыру жүйесі кешенді зерттеу жұмыстарын жүргізуді қажет ететін өзекті тақырыптардың бірі ретіндегі маңызын жоғалтқан жоқ.

### Information about the authors:

**Razdykov Saken Zeinulovich** – Candidate of Historical Sciences, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan, [rasdikov@mail.ru](mailto:rasdikov@mail.ru);

**Dossymbetov Nurlybek Aidarbekovich** – L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Nur-Sultan. E-mail: [nur\\_dos88@mail.ru](mailto:nur_dos88@mail.ru).

### ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ:

Александров Н.Н. Земледелие в Сыр-Дарьинской области. Описание приемов земледелия преимущественно Ташкентского хлопкового и сухоземледельческого района // Туркестанское сельское хозяйство за 1916–1918 гг. Ч. 1. Общие приемы земледелия. – Ташкент, 1919. – С. 1–247.

Алтаев Б.Ә. Оңтүстік Қазақстан қазақтарының егіншілікке байланысты дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары: Тарих ғыл. канд. ... дисс. қолжазбасы: мамандығы 07.00.07 – этнология. – Алматы, 1994. – 194 б.

Андрианов Б.В. Древние оросительные системы Приаралья ( в связи с историей возникновения и развития орошаемого земледелия). – М.: Наука, 1969. – 254 с.

Арғынбаев Х., Захарова И.В. 1958 жылы Оңтүстік Қазақстан облысына ұйымдастырылған этнографиялық экспедиция жұмысының қорытындысы // ТИИАЭ АН КазССР. – Т. 12. – Алма-Ата, 1961. – С. 92–118.

Атыгаев Н.А., Канай О. Некоторые сведения о реке Сырдарья в историко-географической литературе XV–XIX вв. // Золотоордынское обозрение. – Т. 8. – № 1. – 2020. – С. 167–184. DOI: 10.22378/2313-6197.2020-8-1.167-184.

Ахантаева Ә.Ж. Сыр өңірі қазақтарының дәстүрлі жер шаруашылығы: тарихи-этнографиялық зерттеу (XIX ғ. ортасы мен XX ғ. басындағы деректер бойынша): Тар. ғыл. канд. дисс. ... автореф.: 07.00.07 – Этнография, этнология және антропология. – Алматы, 2008. – 30 б.

Бартольд В.В. К истории орошения Туркестана // Сочинения. – Т. 3. – М.: Наука, 1965. – С. 97–233.

Гаврилов Н. Переселенческое дело в Туркестанском края (области: Сыр-Дарьинская, Самаркандская и Ферганская). – СПб.: Тип. Ф. Вейсберга и П. Гершунина, 1911. – 336 с., 1 л. карта.

Грошев В.А. Иригация Южного Казахстана в средние века. – Алматы: Ғылым, 1985. – 156 с.

Джанибеков У.Д. Эхо... По следам легенды о золотой домбре. – Алма-Ата: Өнер, 1990. – 304 с.

Дингельштедт Н.А. Опыт изучения иригации Туркестанского края. Сыр-Дарьинская область. – СПб.: Тип. Министерства Путей Сообщения, 1893. – 366 с.

Дятков А. Киргизские нужды // Туркестанские ведомости. – №14. – 1885. – С. 54.

Әлімбаев Н., Қақабаев Б. Қазақтың дәстүрлі егін шаруашылығындағы арық пен гидротехникалық құрылғылар: төлтума атаулары, түрлері, құру тәсілдері және қызметі // Қазақ тарихы. – №2 (169). – 2019. – 16-31 б.

Загряжский Г. Очерки Перовского уезда // Туркестанские ведомости. – №58. – 1903. – С. 242–253.

Захарова И.В. О земледелии у казахов Чимкентского уезда в конце XIX – начале XX в. // Хозяйственно-культурные традиции народов Средней Азии и Казахстана. – М., 1975. – С. 170–179.

Казахи. Историко-этнографическое исследование / редактор Г.Е. Тайжанова. – Алматы: Казахстан, 1995. – 352 с. (с вкл.).

Қартаева Т., Бексеитов Г., Оспанов Е. Су культі: анықтамалық. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 158 б.

Қартаева Т.Е. Сыр өңірі қазақтары: тарихи-этнографиялық зерттеу (XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басы). Екі томдық. 2-том. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 325 б.

ҚР ОМА. 232-қ., 1-т., 29в-іс, .

Маев Н. Иригационная работа в Казалинском уезде // Туркестанские ведомости. – №22. – 1879. – С.86.

Макшеев А.И. Описание низовьев Сыр-Дарьи // Морской сборник. – Том XXIII. – №9. – СПб., 1856. – С. 448-527.

Мейер Л. Обзор западной оконечности Каратауских гор и несколько слов о взятии Кокандской крепости Яны-Курган // Военный сборник. – № 10. – 1862. – С. 263–278.

Мейер Л. Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами Генерального штаба. Киргизская степь Оренбургского ведомства. – СПб.: Тип. Веймара и Персона, 1865. – 288 с.

Материалы по киргизскому землепользованию. Сыр-Дарьинская область. Перовский уезд. – Ташкент: Г.У.З. и З. Пересел. Упр, 1912. – 394 с.

Материалы по киргизскому землепользованию. Сыр-Дарьинская область. Казалинский уезд. – Ташкент Г.У.З. и З. Пересел. Упр, 1913. – 383 с.

Нақысбеков О. Жергілікті халық тіліндегі арық-атыз түрлеріне байланысты қолданылып жүрген сөздер жайында // Қазақ диалектологиясы. 1-шығы. – Алматы, 1965. – 160–179-бб.

Смирнов Е. Сырь-Дарьинская область. Описание, составленное по официальным источникам. – СПб.: Тип. М.М. Стасюлевича, 1887. – 343 с.

Сүлейменов Б. Аграрный вопрос в Казахстане в последней трети XIX – начале XX веков (1867–1907 гг.). – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1963. – 411 с.

Хозяйство казахов на рубеже XIX–XX веков. Материалы к историко-этнографическому атласу. – Алма-Ата: Наука, 1980. – 256 с.

Черданцев Г.Н. Водное право Туркестана в его настоящем и проектах ближайшего будущего. – Ташкент: Изд. А.Л. Кирснер, 1911. – 105 с.

Шахназаров А.И. Сельское хозяйство в Туркестанском крае. – СПб.: Тип. В.Ф. Киршбаума, 1908. – 512 с.

Schwarz. Turkestan, Zweig der indogermanischen Volker. Nach funfzehnjahrigem Aufenthalt in Turkestan. Dargestellt von Franz v. Schwarz, vormals Astronom de Taschkenter Observatoriums und Leiter der Turkestanischen Meteorologischen Instituts. – Freiburg: Herdesche Verlagshandlung, 1900. – P. 51-125.

#### REFERENCES:

Aleksandrov N.N. Zemledelie v Syr-Darinskoi oblasti. Opisanie priemov zemledelie preiumshestvo Tashkentskogo xlopkovogo I suhozemledel'cheskogo raiona [Agriculture in the Syr-Darya region. Description of farming techniques mainly in the Tashkent cotton and dry agricultural region] // Turkestanskoe selskoe xoziystvo za 1916–1918 gg. Ch. 1. Ovshie priemy zemledelie. – Tashkent, 1919. – P. 1–247. [In Russian].

Alimbai N., Kakabaev B. Kazaktyn dasturli egin sharuashylygyndagy aryk pen gidrotexnikalyk kurylyglar: toltuma ataulary, turleri, kuru tasilderi zhane kysmeti [Drains and hydraulic structures in traditional Kazakh agriculture: original names, types, methods and functions] // Kazak tarixy. – №2 (169). – 2019. – P. 16-31. [In Kazakh].

Altaev B.A. Ontustik Kazakstan kazaktarynyn eginshilikke bailanysty dasturleri men adet-guryptary: Tarix gyl. kand. ... diss. kolzhasbasy: mamandygy 07.00.07 – etnologia [Traditions and customs of the Kazakhs of South Kazakhstan related to agriculture: History. candid. ... diss. Manuscript: specialty 07.00.07 - ethnology]. – Almaty, 1994. – 194 p. [In Kazakh].

Andrianov B.V. Drevnie orositelnie sistemy Priaralia (v svyazi s istoriei vozniknovenia i razvitiia oroshaemogo zemledelia) [Ancient irrigation systems of the Aral Sea region (in connection with the history of the emergence and development of irrigated agriculture)]. – M.: Nauka, 1969. – 254 p. [In Russian].

Argynbaev X., Zaxarova I.V. 1958 zhyly Ontustik Kazakstan oblysyna uymdastyrylган etnografialyk ekspeditsia zhumysynyn korytyndysy // ТИАЕ АН КазССР. Т. 12. – Алма-Ата, 1961. – P. 92–118. [In Kazakh].

Atygaev N.A., Kanai O. Nekotorye svedeniya o reke Syrdaria v istoriko-geograficheskoi literature XV–XIX vv. [Some information about the Syrdarya River in the historical and geographical literature of

the XV-XIX centuries]. // *Zolotoordynskoe obozrenie*. – Т. 8, – № 1. – 2020. – P. 167–184. DOI: 10.22378/2313-6197.2020-8-1.167-184. [In Russian].

Axantaeva A.Zh. Syr oniri kazaktarynyn dasturli zher sharuashylygy: tarixi-etnografialyk zertteu (XIX g. ortasy men XX g. basyndagy derekter boiynsha): Tar. gyl. kand. diss. ... avtoref.: 07.00.07 – etnografia, etnologia zhane antropologia. [Traditional agriculture of the Kazakhs of the Syr region: historical and ethnographic research (according to the data of the middle of the XIX and the beginning of the XX centuries): Tar. science candid. diss. ... author's ref.: 07.00.07 – Ethnography, ethnology and anthropology]. – Almaty, 2008. – 30 p. [In Kazakh].

Bartold V.V. K istorii oroshenia Turkestana [Towards the history of irrigation in Turkestan] // *Sochinenia*. Vol. 3. – M.: Nauka, 1965. – P. 97–233. [In Russian].

Cherdantsev G.N. Vodnoe pravo Turkestana v ego nastoiashem i proektax blizhaichego budushego [Water law of Turkestan in its present and projects for the near future]. – Tashkent: Izd. A.L. Kirsner, 1911. – 105 p. [In Russian].

Diatkov A. Kirgizskie nuzhdy [Kyrgyz needs] // *Turkestanskije vedomosti*. – №14. – 1885. – P. 54. [In Russian].

Dingelshedt N.A. Opyt izusheniya irrigasii Turkestanskogo kraia. Syr-Darinskaja oblast. [Experience of studying irrigation of the Turkestan region. Syr-Darya region]. – SPb.: Tip. Ministerstva Putei Soobsheniya, 1893. – 366 p. [In Russian].

Dzhanibekov U.D. Exo... Po sledam legendy o zolotoi dombre [Echo ... Following the legends of the golden dombra]. – Alma-Ata: Oner, 1990. – 304 p. [In Russian].

Gavrilov N. Pereselencheskoe delo v Turkestanskom kraia (oblasty: Syr-Darinskaja, Samarkandskaja i Ferganskaja) [Resettlement in Turkestan region (oblasts: Syr-Darinskaya, Samarkandskaya and Ferganskaya)]. – SPb.: Tip. F. Veisberga i P. Gershunina, 1911. – 336 p. 1 l. karta. [In Russian].

Groshev V.A. Irrigatsia Iuzhnogo Kazakstana v srednie veka [Irrigation of South Kazakhstan in the Middle Ages]. – Almaty: Gylym, 1985. – 156 p. [In Russian].

Kartaeva T., Bekseitov G., Ospanov E. Su kulti: anyktamalyk [Water cult: reference]. – Almaty: Kazakh universiteti, 2018. – 158 p. [In Kazakh].

Kartaeva T.E. Syr oniri qazaqtary: tarixi-etnografialyk zertteu (XIX gasyrdyn ekinshi zhartysy – XX gasyrdyn basy) [Kazakhs of the Syr region: historical and ethnographic research (second half of the XIX century - beginning of the XX century)]. Eki tomdyk. 2-tom. – Almaty: Qazaq universiteti, 2014. – 325 p. [In Kazakh].

Kazaxi. Istoriko-etnograficheskoe issledovanie [Kazakhs. Historical and ethnographic research] / redactor G.E. Taizhanova. – Almaty: Kazaxstan, 1995. – 352 p. [In Russian].

KR OMA. 232-k., 1-t., 29v-is.

Maev N. Irrigatsionnaja rabota v Kazalinskom ueзде [Irrigation work in Kazaly district] // *Turkestanskije vedomosti*. – № 22. – 1879. – P. 86. [In Russian].

Makshev A.I. Opisanie nizovev Syr-Dari [Description of the lower reaches of the Syr Darya] // *Morskoi sbornik*. – Vol. XXIII. – № 9. – SPb., 1856. – P. 448-527. [In Russian].

Meier L. Obzor zapadnoi okonechnosti Karatauskix gor i neskolko slov o vziatii Kokandskoi kreposti Iany-Kurgan [Overview of the western end of the Karatau mountains and a few words about the capture of the Kokand fortress Yany-Kurgan] // *Voennyi sbornik*. – № 10. – 1862. – P. 263–278. [In Russian].

Meier L. Materialy dlyia geografii i statistiki Rossii, sobrannye ofitserami Generalnogo shtaba. Kirgizskaja step Orenburgskogo vedomstva [Materials for geography and statistics of Russia, collected by officers of the General Staff. Kirghiz steppe of the Orenburg department]. – SPb.: Tip. Veimara i Persona, 1865. – 288 p. [In Russian].

Materialy po kirgizskomu zemlepolzovaniju. Syr-Darinskaja oblast. Perovskii ueзд. [Materials on Kyrgyz land use. Syr-Darya region. Perovskiy district]. – Tashkent: G. U. Z. i Z. Peresel. Upr., 1912. – 394 p. [In Russian].

Materialy po kirgizskomu zemlepolzovaniju. Syr-Darinskaja oblast. Kazalinskii ueзд [Materials on Kyrgyz land use. Syr-Darya region. Kazaly district]. – Tashkent: G. U. Z. i Z. Peresel. Upr., 1913. – 383 p. [In Russian].

Naqysbekov O. Zhergilikti qalyq tilindegi aryq-atelyz turlerine bailanysty qoldanylyp zhurgen sozder zhayynda [About the words used in the local vernacular in connection with the types of aryk-atelyz] // Qazaq dialektologiasy. 1-shyguy. – Almaty, 1965. – P. 160–179. [In Kazakh].

Shaxnazarov A.I. Selskoe xozhiastvoa Turkestanskogo kraia [Agriculture in the Turkestan Territory]. – SPb.: Tip. V.F. Kirshbauma, 1908. – 512 p. [In Russian].

Smirnov E. Syr-Darinskaia oblast. Opisanie, sostavlennoe po ofitsialnym istochnikam [Syr-Darya region. Description compiled from official sources]. – SPb.: Tip. M.M. Stasiulevicha, 1887. – 343 p. [In Russian].

Suleimenov V. Agrarnyi vopros v Kazaxstane v poslednei treri XIX – nachale XX vekov (1867–1907 gg.) [The agrarian question in Kazakhstan in the last third of the 19th - early 20th centuries (1867–1907)]. – Alma-Ata: Izd-vo AN KazSSR, 1963. – 411 p. [In Russian].

Xozhiastvo kazaxov na rubezhe XIX–XX vekov. Materialy k istoriko-etnograficheskomu atlasu [The economy of the Kazakhs at the turn of the XIX – XX centuries. Materials for the Historical and Ethnographic Atlas]. – Alma-Ata: Nauka, 1980. – 256 p. [In Russian].

Zagriazhskii G. Ocherki Perovskogo uezda [Essays on the Perovsky district] // Turkestanskii vedomosti. – №58. – 1903. – P. 242–253. [In Russian].

Zaxarova I.V. O zemledelii u kazaxov Chimkentskogo uezda v kontse XIX – nachale XX v. [About agriculture among the Kazakhs of the Chimkent district at the end of the 19th – the beginning of the 20th century] // Xozhiastvenno-kulturnye traditsii narodov Srednei Azii i Kazaxstana. – M. 1975. – P. 170–179. [In Russian].

Schwarz. Turkestan, Zweig der indogermanischen Volker. Nach funfzehnjahrigem Aufenthalt in Turkestan. Dargestellt von Franz v. Schwarz, vormals Astronom de Taschkenter Observatoriums und Leiter der Turkestanischen Meteorologischen Instituts. – Freiburg: Herdesche Verlagshandlung., 1900. – P. 51–125. [in German].



[https://doi.org/10.51943/2710-3994\\_2022\\_30\\_2\\_249-252](https://doi.org/10.51943/2710-3994_2022_30_2_249-252)

**FTAMP 03.23.55**

## СЫН-ШҚІР

Нәбижан Мұқаметханұлы. «Халықаралық феномен: қазақ халқының бөлінуі мен тұтастану үдерісі» кітабына /Ред.: ҚР ҰҒА академигі Х.М. Әбжанов, тарих ғылымдарының докторы А.И. Құдайбергенова. – Алматы: «Қазақ университеті», 2021. – 250 б.

**К.Н. Балтабаева** 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Қазақстан, Алматы.

\*Автор-корреспондент

E-mail: [kulgazira\\_777@mail.ru](mailto:kulgazira_777@mail.ru) (Балтабаева)

Рецензия «Отандастар қоры» коммерциялық емес Акционерлік қоғамының «Қазақтардың Қазақстанмен шекаралас мемлекеттердің аумақтарын қоныстану тарихын зерделеу» жобасын іске асыру шеңберінде әзірленді.

Нәбижан Мұқаметханұлын Қазақстандағы, Қытайдағы, тіптен әлемдегі қазақ диаспорасына таныстырудың қажеті жоқ, тек ғылымға енді ғана келген, тарихқа жаңадан ден қойып жүрен жас зерттеушілер болмаса. Автор әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің педагогикалық қызметін атқара жүріп, Қазақстан Республикасының 30 жылдығына арнап жазған «Халықаралық феномен: қазақ халқының бөлінуі мен тұтастану үдерісі» атты іргелі монографиясын жариялады. Мұнда ескеретін жайт, бұл еңбек мемлекет қаржыландыратын қандай да бір міндеттелген ғылыми жоба аясында орындалған жұмыс емес, автор өзінің жүрек қалауымен көп жылғы зерттеуінің тұжырымдамасы іспеттес құнды дүние. Одан біз автордың кәсіби тарихшы, қытайтанушы және саясаттанушы ғалым екенін аңғарамыз.

Аталмыш монография бес тараудан құралған. Онда XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап XX ғасырдың екінші жартысына дейінгі аралықта, қазақ диаспорасының қалыптасуына ықпал еткен негізгі оқиғаларды халықаралық қатынастардағы күрделі өзгерістерге байланыстырып пайымдайды. Зеттеуші бұл тақырып аясындағы өзіне дейінгі ғалымдардың тарихнамасын барынша оқып саралай отырып оң бағасын берген (9-13 бб.). Қазақстандағы Қытай, Моңғолия және Ираннан келген тарихшы, лингвист шығыстанушы қандас (репатрианттардың) ғалымдардың ғылыми еңбектерінің құндылығын жоғары бағалайды. Ал дереккөздерге тоқталғанда, естелік жанрындағы дерек материалдары ретінде пайдалану барысында, оларды басқада тарихи жазба құжаттармен салыстырып қолданудың қажеттілігін нақты мысалдармен атап көрсетеді. Сондай-ақ «...мемуарлық еңбек жазушылардың тарихқа да, жас ұрпаққа да, өзіне де жауапкершілікпен қарап, көздері көрген, басынан кешкен шындықты ғана жазып қалдырғаны абзал болар еді» (15 б.), - деп ескертеді.

Монографияның «Қазақ халқының бөліну үдерісі» деп аталатын бірінші тарауында, халқымыздың бөліну үдерісінің - еліміздің тағдырын басқа мемлекеттер шешуімен байланыстырып түсіндіреді. Оның себептерін Орталық Азиядағы халықаралық қатынастардағы өзгерістер негізінде қарастырады. XVIII ғасырдың 30-жылдары қазақ қоғамының саяси өміріне Ресейдің отарлық саяси факторының қосылғанын (21 б.), ал 50-жылдары «Шығыс бүйірден Цин империясының қысқан жағдайының қалыптасқанын» (25 б.) атап көрсетіп, қазақ даласының екі империяның таласына түскенін түсіндіреді.

Жұмыстың «Қазақтардың Қытай мемлекеті құрамында қалуы» атты параграфында, қазақтардың Алтай, Тарбағатайдағы және Іледегі атажұртына қалай көшіп барғаны және Цин империясының құрамында қалай қалып қойғаны тарихи құжаттар негізінде талданып көрсетіледі.

Автор Ресей мен қытайлық Цин империясы кезіндегі екі елдің әлеуметтік даму деңгейіндегі айырмашылық мәселесіне талдау жасайды. «Ол кезде патшалық Ресейде капиталистік өндірістің дами бастауына байланысты, оларға шикізат көздері және одан өндірілген өнімдері саудалайтын нарық қажет болды. Сондықтан олар экспанциялық бағытта – Қазақстан, Орталық Азия, одан әрі Үнді мұхитына бет алды. Бұл мақсатын іске асыру үшін орыс үкіметі әскериленген қоғамдық күшті, яғни баукеспе казактарды алға салып пайдалану саясатын қолданды», - дейді.

Ал Цин империясы ертеректе Жоңғар хандығының бақылауында болған қазақ жерлеріне саяси бақылау орнатуды көздеді. Сондықтан олар казактардың шығыстағы атажұртына қайта көшіп баруын шектеу саясатын қолданды. Алайда екі ел арасында саяси және экономикалық сауда байланыстарының өрістеуіне байланысты казактар шығысқа қарай жылжып көшіп отырды. Тіпті Цин империясының шекара қарауылдарынан өтіп барып қоныстанды. Сонымен Ресей отарындағы казактар және Цин империясына тәуелді казактар құбылысы қалыптасты. Қытай мен Ресей өздерінің қазақ даласындағы мемлекеттік шекарасын анықтап алу керек болды.

1864 жылдың 7 қазан күні Қытай мен Ресей өкілдері Шәуешек қаласында «Қытай-Ресей батыс-солтүстік шекараны делимитациялау келісіміне» қол қойды. Аталмыш Құжат бойынша қазақ жерінің Қытайға тиген бөлігіндегі казактар жерімен бірге Қытайға, ал Ресейге тән болған өңірдегі казактар тұрған жерімен бірге Ресейдің құрамына енді.

Содан кейін қытайлық ресми құжаттарда жаңа түсініктер қолданысқа енді: «Ресей казактары», «Ресейге қараған казактар» және «Қытай казактары», «Қытайға қараған казактар» деген жаңа қоғамдық құбылыс (феномен) қалыптасты. Цин империясы провинцияларды әскери-әкімшілік жүйемен басқарған. Іле және Тарбағатай өңірлерінің казактары Іле генерал-губернаторының басқаруына қарады, ал Алтай өңірі казактарды Улиастай генерал-губернаторының Қобдадағы уәзіріне басқартады. Алайда казактардың дәстүрлі қоғамдық басқару формасы сақталды. «Ақалақшы (Болыс), Мыңбасы, Үкіртай, Гун, Тайжи деген сияқты көптеген тең дәрежелі мансап титулдарын тағайындап, солар арқылы казактарға үстемдік жүргізді» (36 б.).

«Шет елдегі казактардың өмір сүрген қоғамдық ортасы» деп аталған екінші тарауында, казактардың Қытай Республикасы (1912–1949 жж.) кезіндегі қоғамдық жағдайы мен тіршілік тәсілдерін ашып көрсетеді. Содан кейін 1949 жылдан бергі Қытай Халық Республикасындағы қоғамдық өзгерістерді және олардың соңғы 70 жыл ішінде қазақ қауымдарының тағдыр-талайы, мәдениетіндегі дамуы мен тоқырауы тарихи тұрғыдан пайымдалады.

Қытайдағы казактардың жан санының өсуіне Қазақстаннан барған босқындардың үлкен ықпалы болғаны да пайымдалады: 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің қатысушылары және олардың отбасы мүшелері; Кеңес үкіметіндегі 1920–30 жылдардағы саяси жағдай, аштық пен саяси қуғын-сүргіннен бойтасалағандар қосылды. Бұл босқындардың келуімен Қытайдағы қазақ қауымының саны артып қана қоймай, олардың сапасы да өзгерді, - дейді. Соның нәтижесінде Қытайда тұрып жатқан казактар екі түрлі топтан құралады: басым көп бөлігі – кезінде шекара делимитациялаудан бұрын атажұртында барып орныққандар, яғни өздерін байырғы атажұртында отырмыз деп санайтындар; екінші топты құрайтындар - Кеңес Одағы кезінде түрлі себептермен ауып барғандар.

Автор архив құжаттарына сүйене отырып, Қытайдағы казактардың өмір сүрген қоғамдық ортасын тұжырымдап сипаттайды. Сондай-ақ Моңғолия жеріндегі казактар - XIX ғасырдың соңғы жартысында Қытайдың Алтай аймағынан көшіп барған Абақ-керей тайпалары және XX ғасырдың басында Шығыс Қазақстанның Марқакөл мен Зайсан аудандарынан босып барған Наймандардан қауымдасқан. Олардың Моңғол мемлекет құрамына қабылдану барысы ұзаққа созылғанын пайымдайды. Екінші тараудың екі параграфы Моңғолиядағы казактардың тұрмыс-тіршілігі, қоғамдық ортасы және әлеуметтік дамуына арналған (40 б.). Оларды казактардан шыққан бір гун мен 15 үкірдай басқарды. Моңғолиядағы казактардың жайылымдық жерлерінің кеңдігі мен өміршең рухы олардың моңғол далаларында сақталып қалуы мен дамуына негіз болды. Ал Моңғол мемлекетінің дербестігі ондағы казактардың азаматтық алуына және әлеуметтік саяси істерге қатысуына алғышарт әзірледі деп тұжырымдайды автор.

Н. Мұқаметханұлы Қытайдағы қазақ босқындарының күрделі мәселелеріне ерекше мән беріп, оларға «Қазақтардың алыс шетелдерге босып кетуі» деген жеке параграф арнайды.

Автор Алтай аймағы қазақтарының ішкі көшіп-қонуының негізгі бес себептерін анықтайды, яғни олардың шығысқа үдере көшуі және Шэн Шицай губернаторының зұлымдық саясатының салдары, оның Кеңес Одағының қолдауымен жүргізген тағылық саясаты екенін талдап көрсетеді. 1940-шы жылдары Қытайдағы қазақ қауымының саны азайды, өйткені саяси өзгерістерге байланысты және Шыңжандағы қозғалыстарға орай қазақтардың елден шеттеп, тіпті шөл басып, тау асып алыс шетелдерге босып кеткен-ді.

Қытайдың оңтүстік батысынан Кашмирге өтіп барған босқын қазақтарды, 1953 жылы Түркия Республикасы қабылдайды. Автор Түркияның бауырлас халықтың тағдырына көрсеткен көмегін жоғары бағалайды. Түркия елі 3000-ға жуық қазақ босқындарды қабылдаған еді, олардың жан саны өсіп ХХ ғасырдың 80-ші жылдары 11 690 адамға жетті (60, 62 бб.). Қазақтар жаңа ортада еркіндікке қол жеткізе отырып өздерінің құқықтық және әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартты. Олардың біршамасы Еуропаға еңбек миграциясы ретінде қоныс аударып Франция, Германия, Ұлыбритания, Норвегия және т.б. елдерде тұрақтады. Еуропадағы қазақтардың жалпы санын, Қазақстан, Қытай, Моңғолия, Иран, Ауғанстаннан барған қазақтарды қосқанда жалпы саны 10 000 адам шамасында деп есептейді. «Бірақ заман өте келе олардың ұрпақтары қазақы болмысынан, ұлттық сана-сезімінен, ұлттық құндылықтардан айырылып бара жатқанын жасыра алмаймыз және ол үдерісті тоқтата да алмаймыз» деп үлкен өкінішпен тұжырым жасайды (63 б.).

III-тарау «Қазақ халқының ортақ ұлттық санасы» деп аталған, бұл бөлімде маңызды пәнаралық мәселелер қамтылған: «Қазақ халқында ұлттық ішкі бірліктің сақталуы», «Қазақы сананың әлеуметтік және рухани әлеуеті», «Қазақтардың ұлттық бауырмалдығы және мәдени байланыстары», «Қазақтардың саяси жатсынуы және этникалық танымы» деген тақырыптарды терең тарқатып сипаттайды.

IV-тарау «Тәуелсіздік және қазақ халқының жаңаша тұтастану үдерісі» деп аталады. Мұнда зерттеуші Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің арқасында қазақ халқының жаңа форматтағы біртұтастану үдерісін пайымдайды. Автордың пайымы бойынша, Қазақстандағы ұлттық бірегейлену үдерісінің дамуы – әлемнің төрт бұрышында жүрген қазақтарда ортақ ұлттық санасының болуына байланысты өрістеген. Шетелдерде өмір сүріп жатқан этникалық қазақтар, «бөтен» саяси мәдениеттің ықпалында ұшыраса да, олардағы қазақы сана-сезім оларды тарихи отаны - Қазақстанға «жұмсақ» оралуына ықпал етеді.

ХХ ғасырда қазақ халқы негізінен социалистік жүйедегі қоғамда өмір сүрді. Оларды мемлекеттік әкімшілік шекаралар бөліп тұрғанына қарамастан, қоғамдық-гуманитарлық ортадағы уақыт пен кеңістіктегі өздеріне ғана тән қасиеттерін сақтап қалды. Қытай, Моңғолия мен Қазақстан қазақтарының арасындағы халықтық коммуникация жалпы ұлттық сана-сезім мен құндылықтар талғамын сақтауға ықпал етті. Сондықтан да тәуелсіздік жағдайында шетелдердегі қазақтар Отанға оралып, жаңа тарихи дәуірде тұтастануға ойысты деп санайды автор. Сондай-ақ ол бүкіл ұлт болып, ел болып біртұтастанғанда ғана Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін қамтамасыз етеді деп тұжырымдайды.

Автор осы көзқарасын дәйектей түсу үшін монографиясының V тарауын «Қандастар және Мәңгілік ел болу» тақырыбына арнапты. Өте орынды. Бұл тарауда қандастардың (репатрианттардың) елдің әлеуметтік-экономикалық және рухани жаңғыруындағы атқарып отырған қызметін нақты мысалдармен айқын көрсеткен. Еліміздің демографиялық әлеуетінің артуына, бизнес кәсіпкерліктің дамуына, мемлекеттік тілдің қолданыс аясының кеңеюіне, отандық ғылым, білім беру саласы мен медицина-денсаулық қорғау істеріне қосқан қомақты үлестері нанымды пайымдаған.

Ғалым осы бір монографиясын жазарда жалпыәлемдік зерттеу әдістерін органикалық түрде қолданған: жүйелі талдау, синтез, дедукция, индукция статистикалық салыстыру және тарихи культурология т.б. Салыстырмалы-сәйкестік және мәселелік-хронологиялық әдістер хронологиясы аясында, алайда ол түрлі өңірлер, елдер мен жағдаяттағы тарихи құбылыстардың жалпылығы мен даралығын анықтауға мүмкіндік берген. Біз бұл жерде тек тарихи ілімнің кеңеюін ғана емес, сонымен бірге жаңа әдістемелік тәсілдерді көріп отырмыз, – қазақ халқының

тарихындағы тағдыршешті мәселелерді көтеру арқылы оның егемен Қазақстан тұрғысынан біртұтастығы мен бірегейлік заңдылығы ашылған.

Пәнаралық зерттеу нәтижесін автор «Қорытынды» бөлімінде егжей-тегжейлі пайымдаған. Монографияда «Пайдаланылған деректер тізімі», «Белгілер мен қысқартулар тізімі» берілген. Аңдатпа ағылшын және орыс тілдерінде, мазмұны – үш тілде жазылған.

Автор өзінің монографиясына эпиграф ретінде ұлы Абай Құнанбаевтың сөздерін берген:

«Бірінді қазақ бірін дос,

Көрмесен істің бәрі бос».

Шындығында, Абай өсиеті бүгінгі әрқайсымызға, бүкіл қазақ әлеміне арналған ғой. Өсиетті орындау біздің парызымыз!

Оқырмандардың назарына ұсынып отырған Н. Мұқаметханұлының монографиясында қазақ халқының бірлігі, ұлттық біртұтастығы мен бірегейлену үдерісі сынды аса маңызды тақырыптар зерделенген. Еңбектің ғылыми құндылығы, практикалық маңызы да осында деп санаймыз. Еліміздің мызғымас іргетасы да ұлттық бірлікте.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылдың 6 наурызында № 280 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2020–2030 жылдарға арналған сыртқы саясаты Тұжырымдамасының адам құқығы, гуманитарлық дипломатия саласында «шетелдегі қазақ қауымы шоғырлы тұратын жерлерде қазақ тілі мен мәдениетін дамытуға, олардың тарихи отанымен байланысын, соның ішінде Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы және «Отандастар» Қоры арқылы қолдау» атап көрсетілген. Сондықтан мемлекетіміздің шетелдердегі этникалық қазақтармен байланысы дами түседі, дәстүрге айналған қандастардың көші-қоны жаңа Қазақстан жағдайында өз жалғасын табады деп сенеміз.

#### **Information about the authors:**

**K.N. Baltabayeva** – Al-Farabi Kazakh National University. Kazakhstan, Almaty. E-mail: [kulgazira\\_777@mail.ru](mailto:kulgazira_777@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0002-6641-5802>.

## МАЗМҰНЫ

<b>Абдулина А.Т.</b> ҚАЗАҚСТАННЫҢ НЕГІЗГІ ЭТНОС ӨКІЛДЕРІНІҢ ТІЛДЕРІ МЕН МӘДЕНИЕТТЕРІ ЭТНОСАРАЛЫҚ КЕЛІСІМНІҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МОДЕЛІ ПРИЗМАСЫ АРҚЫЛЫ.....	4
<b>Әділбаева А.С., Жақыпова Т.У.</b> ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭТНОДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕРДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ (XX ғ. 20-30 жж.).....	18
<b>Акымбек Е.Ш., Мухтарова Г.Р., Железняков Б.А.</b> МОҢҒОЛ ДӘУІРІНЕ ДЕЙІНГІ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БУДДИЗМ ТАРИХЫНЫҢ ЕКІ КЕЗЕҢІ ХАҚЫНДА.....	32
<b>Алдажұманов Қ.С., Қыпшақбаев Қ.З.</b> ҚАЗАҚСТАННЫҢ АДАМ ЖӘНЕ МАТЕРИАЛДЫҚ РЕСУРСТАРЫН КСРО-НЫ ҚОРҒАУҒА ЖҰМЫЛДЫРУ.....	48
<b>Бекназаров Р.А., Кушкарлова Г.К., Бақтығали Ж.Б.</b> АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ПОЛЯКТАРДЫҢ ҚУҒЫН-СҮРГІНГЕ ҮШЫРАУ ТАРИХЫ.....	65
<b>Жұмағалиев Д.А., Арынова З.Қ.</b> ОТАНДЫҚ ТАРИХШЫЛАРДЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АСА МАҢЫЗДЫ ТАРИХИ ТҮЛҒАЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУЫ МЕН БАҒАЛАУЫ (ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША).....	77
<b>Жамбулатов К.А.</b> БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КЕЙІНГІ САРМАТ МӘДЕНИЕТІНЕ ТӘН ЖЕРЛЕУ ҒҮРПЫ.....	91
<b>Жүсіп Сұлтан-Хан, Қозыбаева М.М.</b> ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН, АХМЕТ БАЙТҮРСЫНҮЛЫ ЖӘНЕ «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНІҢ ФЕНОМЕНІ.....	101
<b>Закарья Р.</b> ЕУРОПАЛЫҚ ЭМИГРАНТТАРҒА ҚАТЫСТЫ КЕҢЕС ҮКІМЕТІНІҢ РЕПРЕССИЯЛЫҚ САЯСАТЫ.....	112
<b>Ибраева А.Ғ., Темирханова А.С., Садықов Т.С.</b> АКАДЕМИК МАНАШ ҚОЗЫБАЕВ ЖӘНЕ ЭТНОС ТАРИХЫНЫҢ ГЕНЕЗИСТІК МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	125
<b>Исаев М.С., Шаметов С.Т., Джаппарова Р.Т.</b> КЕҢЕСТІК БИЛІКТІҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕШІТТЕРГЕ ҚАРСЫ САЯСАТЫ (1918-1953 жж.).....	134
<b>Көмеков Б.Е., Ташқараева Ә.М.</b> «ШЕЖІРЕ-И-ТАРАКИМЕ» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ АУЫЗША ТАРИХ ДӘСТҮРІ: ДЕРЕКТЕМЕЛІК ТАЛДАУ ЖӘНЕ ТӘПСІРЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	146
<b>Крупко И.В., Бұрханов Б.Б.</b> ОТАРЛАУДАН КЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНЫҢ ТАРИХИ ЖАДЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТАРИХНАМАЛЫҚ НАРРАТИВТЕРІ.....	158

<b>Құрманов З.К.</b> ҚЫРҒЫЗ МЕМЛЕКЕТТІГІНІҢ НЕГІЗГІ САЛУШЫ ӘКЕЛЕРІ ТУРАЛЫ.....	168
<b>Құрманалина Н.Н., Мұхатова О.Х., Қуанбай О.Б.</b> РЕВОЛЮЦИЯҒА ДЕЙІНГІ ТАРИХНАМАДАҒЫ КЕНЕСАРЫ ҚАСЫМОВ.....	177
<b>Қуанбай О.Б.</b> ҚАЗАҚ БАТЫРЛАРЫ ТУРАЛЫ МҰРАҒАТТЫҚ ҚҰЖАТТАР (XVIII – XIX ғ. АЛҒАШҚЫ ЖАРТЫСЫ).....	187
<b>Қозыбаева М.М.</b> СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1921-1922 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШТЫҚ; ЗЕРТТЕЛМЕГЕН БЕТТЕР.....	201
<b>Раздыков С.З., Досымбетов Н.А.</b> СЫРДАРИЯ ӨңІРІ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ СУЛАНДЫРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ.....	209
<b>Сабденова Г.Е., Байгунаков Д.С.</b> ЕСІМ ЖӘНЕ ТҮРСЫН ХАНДАР АРАСЫНДАҒЫ ТАЛАС-ТАРТЫСТЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	221
<b>Хайдаров Е.Е.</b> БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚ КӨТЕРІЛІСТЕРІ (1928-1932 жж.) (Жәнібек, Шыңғырлау аудандары материалдары негізінде).....	234
<b>Сын-пікір Рецензия Review</b>	
<b>К.Н. Балтабаева</b> НӘБИЖАН МҰҚАМЕТХАНҰЛЫ. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФЕНОМЕН: ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БӨЛІНУІ МЕН ТҮТАСТАНУ ҮДЕРІСІ. КІТАБЫНА СЫН – ПІКІР.....	249

## СОДЕРЖАНИЕ

<b>Абдулина А.Т.</b> ЯЗЫКИ И КУЛЬТУРЫ ПРЕДСТАВИТЕЛЕЙ ОСНОВНЫХ ЭТНОСОВ КАЗАХСТАНА ЧЕРЕЗ ПРИЗМУ КАЗАХСТАНСКОЙ МОДЕЛИ МЕЖЭТНИЧЕСКОГО СОГЛАСИЯ.....	4
<b>Адилбаева А.С., Джакипова Т.У.</b> НЕКОТОРЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЭТНОДЕМОГРАФИЧЕСКИХ ПРОЦЕССОВ В ВОСТОЧНОМ –КАЗАХСТАНЕ В 20-30-е ГОДЫ ХХ ВЕКА.....	18
<b>Акымбек Е.Ш., Мухтарова Г.Р., Железняков Б.А.</b> О ДВУХ ЭТАПАХ ИСТОРИИ БУДДИЗМА В ЮГО-ВОСТОЧНОМ КАЗАХСТАНЕ ДОМОНГОЛЬСКОГО ПЕРИОДА.....	32
<b>Алдажуманов К.С., Кыпшакбаев К.З.</b> МОБИЛИЗАЦИЯ ЛЮДСКИХ И МАТЕРИАЛЬНЫХ РЕСУРСОВ КАЗАХСТАНА НА ОБОРОНУ СССР.....	48
<b>Бекназаров Р.А., Кушкарлова Г.К., Бақтығали Ж.Б.</b> ИСТОРИЯ РЕПРЕССИИ ПОЛЯКОВ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ.....	65
<b>Джумагалиев Д.А., Арынова З.К.</b> ВОСПРИЯТИЕ И ОЦЕНКА ОТЕЧЕСТВЕННЫМИ ИСТОРИКАМИ НАИБОЛЕЕ ЗНАЧИМЫХ В КАЗАХСТАНЕ ИСТОРИЧЕСКИХ ЛИЧНОСТЕЙ (ПО РЕЗУЛЬТАТАМ СОЦИОЛОГИЧЕСКИХ ОПРОСОВ).....	77
<b>Жамбулатов К.А.</b> ПОГРЕБАЛЬНЫЙ ОБРЯД ПОЗДНЕСАРМАТСКОЙ КУЛЬТУРЫ ЗАПАДНОГО КАЗАХСТАНА.....	91
<b>Жусип Сұлтан-Хан, Козыбаева М.М.</b> АЛИХАН БУКЕЙХАН, АХМЕТ БАЙТУРСЫНУЛЫ И ФЕНОМЕН ГАЗЕТЫ «ҚАЗАҚ».....	101
<b>Закарья Р.</b> РЕПРЕССИВНАЯ ПОЛИТИКА СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ ПО ОТНОШЕНИЮ К ЕВРОПЕЙСКИМ ЭМИГРАМТАМ.....	112
<b>Ибраева А.Г., Темирханова А.С., Садыков Т.С.</b> АКАДЕМИК МАНАШ КОЗЫБАЕВ И ГЕНЕЗИСНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИСТОРИИ ЭТНОСА.....	125
<b>Исаев М.С., Шаметов С.Т., Джаппарова Р.Т.</b> ПОЛИТИКА СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ ПРОТИВ МЕЧЕТЕЙ В КАЗАХСТАНЕ (1918-1953 гг.).....	134
<b>Кумекон Б.Е., Ташкараева Ә.М.</b> УСТНАЯ ИСТОРИЧЕСКАЯ ТРАДИЦИЯ В ПРОИЗВЕДЕНИИ «ШЕЖИРЕ-И-ТАРАКИМЕ»: ВОПРОСЫ ИСТОЧНИКОВЕДЧЕСКОГО АНАЛИЗА И ИНТЕРПРЕТАЦИИ.....	146
<b>Крупко И.В., Бурханов Б.Б.</b> ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЕ НАРРАТИВЫ ПОСТКОЛОНИАЛЬНЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ ИСТОРИЧЕСКОЙ ПАМЯТИ КАЗАХСТАНСКОГО ОБЩЕСТВА.....	158

<b>Курманов З.К.</b> ОБ ОТЦАХ – ОСНОВАТЕЛЯХ КЫРГЫЗСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ.....	168
<b>Курманалина Н.Н., Мухатова О.Х., Куанбай О.Б.</b> КЕНЕСАРЫ КАСЫМОВ В ДОРЕВОЛЮЦИОННОЙ ИСТОРИОГРАФИИ.....	177
<b>Куанбай О.Б.</b> АРХИВНЫЕ МАТЕРИАЛЫ О КАЗАХСКИХ БАТЫРАХ (XVIII – ПЕРВАЯ ПОЛОВИНА XIX в.).....	187
<b>Козыбаева М.М.</b> ГОЛОД 1921-1922 ГОДОВ В СЕВЕРНОМ КАЗАХСТАНЕ: НЕИЗУЧЕННЫЕ СТРАНИЦЫ.....	201
<b>Раздыков С.З., Досымбетов Н.А.</b> ИСТОРИЯ ИЗУЧЕНИЯ ИРРИГАЦИОННОЙ СИСТЕМЫ КАЗАХОВ СЫРДАРЬИНСКОЙ ОБЛАСТИ.....	209
<b>Сабденова Г.Е., Байгунаков Д.С.</b> НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ПРОТИВОСТОЯНИЯ ЕСИМ ХАНА И ТУРСУН ХАНА (ПО МАТЕРИАЛАМ ШЕЖИРЕ И УСТНОЙ ИСТОРИИ).....	221
<b>Хайдаров Е.Е.</b> НАРОДНЫЕ ВОССТАНИЯ В ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ (1928-1932 гг.) (На основе материалов Джанибекского, Чингирлауского районов).....	234
<b>Рецензия Сын-пікір Review</b>	
<b>К.Н. Балтабаева</b> РЕЦЕНЗИЯ НА КНИГУ: НӘБИЖАН МҰҚАМЕТХАНҰЛЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФЕНОМЕН: ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БӨЛІНУІ МЕН ТҮТАСТАНУ ҮДЕРІСІ.....	249



## CONTENTS

<b>Abdulina A.T.</b> LANGUAGES AND CULTURES OF REPRESENTATIVES OF THE MAIN ETHNIC GROUPS OF KAZAKHSTAN THROUGH THE PRISM OF THE KAZAKH MODEL OF INTERETHNIC CONSENT.....	4
<b>Adilbaeva A.S., Dzhakipova T.U.</b> MAIN DEPARTMENTS OF ETHNODEMOGRAPHIC PROCESSES IN EASTERN KAZAKHSTAN REGION FOR 20-30 YEARS OF THE XX CENTURY.....	18
<b>Akymbek Y.Sh., Mukhtarova G.R., Zheleznyakov B.A.</b> ABOUT TWO STAGES OF THE HISTORY OF BUDDHISM IN THE SOUTHEASTERN KAZAKHSTAN OF THE PRE-MONGOL PERIOD.....	32
<b>Aldazhumanov K.S., Kypshakbayev K.Z.</b> MOBILIZATION OF HUMAN AND MATERIAL RESOURCES OF KAZAKHSTAN FOR THE DEFENSE OF THE USSR.....	48
<b>Beknazarov R.A., Kushkarova G.K., Baktygali Zh.B.</b> THE HISTORY OF REPRESSION OF POLES OF AKTOBE REGION.....	65
<b>Jumagaliyev D.A., Arynova Z.K.</b> PERCEPTION AND ASSESSMENT BY KAZAKH HISTORIANS OF THE MOST SIGNIFICANT HISTORICAL PERSONS IN KAZAKHSTAN (BY THE RESULTS OF SOCIOLOGICAL SURVEYS).....	77
<b>Zhambulatov K.</b> FUNERAL RITE OF THE LATE SARMATIAN CULTURE OF WESTERN KAZAKHSTAN.....	91
<b>Zhussip Sultan-Khan, Kozybayeva M.M.</b> ALIKHAN BUKEYKHAN, AKHMET BAITURSYNULY AND THE PHENOMENON OF THE NEWSPAPER «KAZAKH».....	101
<b>Zakarya R.</b> THE REPRESSIVE POLICY OF THE SOVIET GOVERNMENT TOWARDS EUROPEAN EMIGRANTS.....	112
<b>Ibraeva A.G., Temirkhanova A.S., Sadykov T.S.</b> ACADEMICIAN MANASH KOZYBAYEV AND THE GENESIS PROBLEMS OF THE HISTORY OF THE ETHNOS.....	125
<b>Issayev M.S., Shametov S.T., Dzhapparova R.T.</b> THE POLICY OF THE SOVIET AUTHORITY AGAINST MOSQUES IN KAZAKHSTAN (1918-1953).....	134
<b>Kumekov B., Tashkarayeva A.</b> ORAL HISTORICAL TRADITION IN THE WORK "SHEZHIRE-I-TARAKIM": ISSUES OF SOURCE ANALYSIS AND INTERPRETATION.....	146
<b>Krupko I.V., Burkhanov B.B.</b> HISTORIOGRAPHICAL NARRATIVES POSTCOLONIAL STUDIES HISTORICAL MEMORY OF THE KAZAKH SOCIETY.....	158

<b>Kurmanalina N., Muhatova O., Kuanbay O.</b> KENESARY KASSYMOV IN PRE-REVOLUTIONARY HISTORIOGRAPHY.....	168
<b>Kurmanov Z.</b> ABOUT THE FOUNDING FATHERS OF THE KYRGYZ STATEHOOD.....	177
<b>Kuanbay O.</b> ARCHIVAL MATERIALS ABOUT KAZAKH BATYRS (XVIII - FIRST HALF OF XIX CENTURIES).....	187
<b>Kozybayeva M.M.</b> THE FAMINE OF 1921-1922 IN NORTH KAZAKHSTAN: UNSTUDIED PAGES.....	201
<b>Razdykov S.Z., Dossymbetov N.A.</b> THE HISTORY OF STUDYING THE IRRIGATION SYSTEM OF SYRDARYAN KAZAKHS.....	209
<b>Sabdenova G.E., Baigunakov D.S.</b> SOME ISSUES OF THE CONFRONTATION BETWEEN YESSIM KHAN AND TURSUN KHAN (BASED ON THE MATERIALS OF SHEZHIRE AND ORAL HISTORY).....	221
<b>Khaidarov E.</b> PEOPLE'S UPRISINGS IN THE WESTERN KAZAKHSTAN REGION (1928-1932) (Based on the materials of Dzhanibek, Chingirlau districts).....	234
<b>Review</b> <b>Сын-пікір</b> <b>Рецензия</b>	
<b>K.N. Baltabayeva</b> REVIEW OF THE BOOK: NABIZHAN MUKAMETKHANULY. INTERNATIONAL PHENOMENON: THE PROCESS OF SEPARATION AND UNIFICATION OF THE KAZAKH PEOPLE.....	249

**Редакцияның мекен-жайы:**  
050010, Қазақстан Республикасы  
Алматы қ., Шевченко көш., 28,  
ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты  
«**edu.e-history.kz**» журналының редакциясы  
Телефон: +7 (727) 261-67-19  
**E-mail:** edu.history@bk.ru  
**Электрондық мекен-жайы:** [www.edu.e-history.kz](http://www.edu.e-history.kz)

Журнал 2013 жылдан бастап шығады.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркеліп, № 14602-ИА куәлігіне ие болды.